

Смарт-TV арналған пернетақта DEXP D3WK019

Құрылғы 2,4 ГГц диапазонында жұмыс істейтін және смарт-TV құрылғыларын басқаруға арналған, тачпады бар ыңғайлы сымсыз QWERTY-пернетақта болып табылады.

Құрылғымен жұмыс істеу

Барлық смарт-TV құрылғылары ақпаратты сыртқы құрылғылардан енгізуді қолдай бермейді. Тексеру үшін сымды пернетақтаны қосыңыз.

1. Қабылдағышты пернетақта қосылатын құрылғының USB портына салыңыз.
2. Пернетақтаны қосыңыз. Пернетақтаның қабылдағышпен қосылыс орнатқанын және жұмысқа дайын екенін білдіретін көк индикатор жанады.

Қосылысты қолмен теңшеу

Егер пернетақта қабылдағышпен автоматты түрде қосылысты орнатпай тұрса, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Пернетақта қосылатын құрылғыны қосыңыз.
2. F1 батырмасын басып ұстап тұрыңыз.
3. Пернетақтаны қосыңыз да F1 батырмасын босатыңыз.
4. Қабылдағышты құрылғының USB портына салыңыз. Пернетақта қосылысты автоматты түрде орнатады.

Перне тіркестері

FN+RF	Қосылу режиміне кіру
FN+F2	Жарықтандыруды қосу/сөндіру
FN+F7	Экранды суретке түсіру
FN+F8	Тачпадты қосу/сөндіру
FN+F9	F11
FN+F10	F12
FN+Backspace	Delete
FN+Page Up	Home

Тачпадпен жұмыс істеу

- Бір саусақпен басу: тінтуірдің сол батырмасымен шерту эмуляциясы.
- Екі саусақпен басу: тінтуірдің оң батырмасымен шерту эмуляциясы.
- Саусақпен свайп жасау: бөлектеу.
- Екі саусақпен свайп жасау: айналдыру.

Жарықтандыруды қосу/сөндіру

Жарықтандыруды қосу/сөндіру үшін FN және F2 батырмаларын бірге басыңыз. Пернетақта құрылғыға сәтті қосылғаннан кейін жарықтандыру автоматты түрде 3 секундқа қосылады.

Құрылғы 1 минут бойы пайдаланылмай тұрса, жарықтандыру автоматты түрде сөнеді, және кез келген батырманы басқан кезде қайта қосылады.

Күту режимі

Егер құрылғы 3 минут бойы пайдаланылмай тұрса, ол автоматты түрде күту режиміне ауысады. Бұл режимде жарықтандыру мен индикаторлар сөнеді. Құрылғыны күту режимінен шығару үшін кез келген батырманы басыңыз.

Жұмыс аяқталғаннан кейін пернетақтаны сөндіру

Жұмыс аяқталғаннан кейін қуат ауыстырғышын Off күйіне орнатыңыз. Пернетақта қуаты сөндірілетін болады, бұл ретте зақымдамас үшін, қабылдағыш USB ағытпасынан суырылып пернетақтаға салынуы тиіс.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: D3WK019.
- Габариттері (Ұ x Е x Б): 146.8x97.5x19 мм.
- Салмағы: 110 г.
- Кіріс кернеу және тоқ: 5 В, 2 А.
- Bluetooth нұсқасы: 2.0.
- Жұмыс қашықтығы: 10 м дейін.
- Батарея типі: литий-ионды.
- ОЖ-мен үйлесімділігі: Windows / macOS / Linux.

Қызмет көрсету және сақтық шаралары

- Үйлесімді зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз. Толық зарядталғаннан кейін ажыратып қойыңыз. Қайта зарядтау аккумулятордың қызмет мерзімін қысқартады.
- Құрылғыны тым жоғары немесе төмен температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз. Аккумулятордың қызмет мерзімі бұл ретте қысқарады.
- Құрылғыны тазалау үшін ылғалды матаны және жемір емес жуғыш құралдарды пайдаланыңыз. Еріткіштер мен жемір/абразивті жуғыш құралдар құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
- Құрылғыны электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Ветак Электроникс Тэкнолоджи Ко., ЛТД.

Каб. 411, 4 қабат, ғим. 34, Чэньтянь өнеркәсіптік паркі, Сисян көш., Баоань, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,

Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі

осы нұсқаулықта келтірілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылуында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

